

Жапырак-журек



Коллажды жасаған Амангелді КИЯС, «EQ»

Дидарғайып дүние, дәл сол күні көкейде күмбезделіп қалған
кербез ой осы бір әңгімелізге өзек боларын ойламаппиз да.
Бұл тақырып төңірегіндеге бұрындары да талай сөз сабакталған,
әлі де сабактала беретіні күмәнсіз. Міне, біздің де автордың
аузынан естіген оқиға желісінен жіп үзе алмай отырғанымыз
садан. Қайран, қаламұш ғұмыр! Мұқагалидың әнге айналған
жас қайыны. Жас қайың – адудынгер арман. Бейуақта жеткен
әжемнің гөй-гойіндегі көңілді әлдилейді де тұрады.

Мұхтар КҮМІСБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Мұнды да мәнсіз ойдын күштағына бір сұңгісөніз өз киялыныздың теңізінен қоныс іздейсіз. Қайда барсаңыз да сол мазаң өмір, мимырт тірлік. Сүрініс-түңілістер, қамырық қара түндер, қырмызы теріп қырда жүрген шаттықты шақ, ғұмырлық мәйек алар аяулы кезеңдер, албырт шешімдер, болбыр үміт бәрі-бәрі теңіз жағасынан сізге қол бұлғап тұрғандай. Сондай бейманза сэтте сіздің жан күйінізді ақ қайыңнан артық түсінер жан бар ма? Арзу-мұнцызды ақ көбік толқындай жағаға лақтырып тастағыныз келеді. Ал үнсіз ақ қайың бәрін көтегеруге дайын. Тіпті, сіздің зілмауыр қайғынызды арқалап ғұмыр кештеге бар.

«Жапырақ-жүрек

Жас кайын!

Жанымды айырбастайын.

*Мен қайың, бола бастайын.
Келісесің бе, жас қайың».*

Тағалы ай астында көк көйлек өзеннің етегін еркін басып, құс жолына көз қадаған арудың сұлбасы елестейді. Қолында ақынның өлеңі – жапырақ жу-регінде жазылмаған хаттар. Нәркес көзге ұлаған ботана жасын жел сұртуғе оқталады. Ақ қайыңға байлаған орамалы жоғалған. Әлде жел ұшырып әкетті ме екен?! Онда оның арман-тілегі, дүғалы махаббаты бар еді-ау. Сұхбат үстіндегі дәл осы көрініс ойыма балалап алғандай, «Жас қайың» әнінің тарихын бұрын білсек те, бүгін алғаш естігендей болып отырдық. Қазақстанның халық әртісі Алмахан Кенжебекова ақиық ақын хақында жан толғанысын жеткізуде. Ал мен әдеттегідей жалғыздан-жалғыз ой үстінлемін.

«Сол уақытта Нарынқолдан қалаға үш-ақ автобус жүреді. Соның біреуіне үлгеріп, ілініп келе жаткан бетім Келігіміз

Сарыжазда тоқтағанда, арты-
нып-тартынып көппен бірге
Мұқағали Мақатаев та отыр-
ды. Достары жабылып жүріп,
есіктен кіргізіп жібергенін кө-
ріп тұрмын. Аң-таңымын. Сол
сәтте қасымдағы кісі түсіп,
оның орнына Мұқаң жайғасты.
Ішімнен осыны тілеп отырған-
мын. Мұқаңмен қалаға бірге
келдім деген мақтаныш әлди-
леп барады. Маған қарай жай-
лап бұрылды да «Қайда оқи-
сың?» деді. Сасып қалдым,
бір жұтынып барып, болашақ
өнер адамы екенімді айттым.
«Еee, екеуіміздің илегеніміз
бір терінің пүшпагы екен» деді
де, иығыма құлай кетті. Содан
Мұқағали қалаға дейін иығымда
үйкіктап барды.

Ақын бақиға аттанғаннан кейін көп уақыт түсіме кірді. Орындықта отырған қалпы көзінде жас ұйып тұр, маған әлденелерді баяндайды. Жүрек арызын жеткізгісі келетіндей...».

Мұқаңның мұнына жан бітірген өнер иесінің осындай әсерлі әнді өмірге әкелуі де те-гіннен-тегін емес секілді. Еке-үін де әлдилеген бір – топырак, бір – табиғат-ана. Жанына театр, жүргегіне өлең біткен. Қалага жеткенінше алып ақынды иығына қондырған қаршадай қыздың қайсарлығы қайран қалдырады. Ақынға деген алғасын сезімі, қарындастың

ілтипаты, жасампаз жырға құрметі бір ғана қарекетінен көрініс тапқандай. Тіпті «Жас қайың» әнінің өмірге келуінің алғышарттындай көзілге нұр себеді.

«Жаймашуақ көктем мезгілі. Алакөл ауданына гастрольдік сапармен келгенбіз. Өнер көрсетіп болған соң, ауыл халқы далаға дастарқан жайды. Қазан көтерілді, ел у да шу. Устел басында жиылған жүртқа жөпелдемеде өмірге жаңа ән келгенін айтып, тұсауын осында кеспек ниетте екенімді жеткіздім. Ол кездे жаспыз, жалындан тұрмызы. Ойымызда түк те жоқ. Қолыма домбырамды алып «Жасқайың» әнін бастағаным сол-ақ еді, кенет төбемізге қара бұл үйіріліп, апыр-топыр жаңбыр жауа жөнелді. Халық орынан тұрағ емес, әуенге елітіп барады. Ғажабы сол, ән қалай аяқталды жауын да сап тыйылды. Шамасы, Мұқаның ішіндегі шер төгіліп кетті ме деймін. Бұл ақының ақынның ешкімге жеткізе алмаған мұның табиғатқа айтып кеткен туындысы. Ишіндегі запыраны тасқа айналған зар. Әнді алғаш рет Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Сағат Жылкелдиев әлдебір байқауда орындалды. Содан ел-жүртқа кеңінен таралып кетті. Мен Мұқаның 15 өлеңіне ән жаздым, көбі әлі жарыққа шықкан жоқ», деп сезін түйінде халық әртісі.

Көзінде нұрдан ғері ақыл
басым, жанарын момақан мүң
қабыздаган автордың әуезді әні
куллі мұқағалишың оқырманға
ыстық. Ақын сол әуен болып
сөйлейді. Шайырдың сар-
тап сағынышы өмірге деген
інкәрлігі қоныстанған. «Өмір
сүрейік алмасып». Мұқағали
– жас қайыңмен алмасып өмір
сурғен мәнгі жасыл бейне.

Ал мен сол жас қайыңың астында танға дейін сүйгенін телміре күткен бозбала мен басқа ошақтың шамын жаққан аруды ойлаймын. Ол енді өз алдына бөлек әнгіме. Мұны неге айтты деменіз, себеби «Жас қайың» әні олардың махаббатының ескерткішіней елі.